

«ШҰБАРКӨЛ КӨМІР» АҚ САЯСАТЫ

SHUBARKOL KOMIR



Eurasian Resources Group S.a.r.l. құрамына кіретін «Шұбаркөл көмір» АҚ бизнес-қызметінің басты мақсаты – ҚР көмір өндіретін кәсіпорындары арасында жетекші позицияларды нығайтуға, қолайлы қоршаған ортаны қолдауға, табиғи және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануға, қызметкерлердің, мердігерлердің және келушілердің денсаулығына кез келген зиян келтіруді болдырмауға, АҚ қызметкерлерінің және қоғамның әл-ауқатын толықтай арттыруға бағытталған көмірді ашық тәсілмен өндіру, оны қайта өңдеу және өткізу

«Шұбаркөл көмір» АҚ басшылығы ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001 стандарттарының талаптарына сәйкес сапа менеджменті, қоршаған орта қорғау, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергия менеджменті жүйелерін жұмыс жағдайында қолдау және нәтижелілігін үнемі арттырып отыру міндеттерін қабылдайды және менеджмент жүйесінің табысты қызмет етуін кәсіпорынның тұрақты дамуының маңызды шарты ретінде қарастырады.

Негізгі қағидалар

- сапа, корпоративтік жауапкершілік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау, энергия менеджменті, энергетикалық көрсеткіштерді жақсарту саласында саясатты өткізу мониторингі және үздіксіз жаңғырту есебінен жоспарланған нәтижелер мен техникалық - экономикалық көрсеткіштерге сәйкес **кәсіпорын қызметінің тұрақты әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз ету.**

- өндірістік-шаруашылық қызмет, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, энергия менеджменті саласында **Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ERG ішкі талаптарына сәйкес болу**, ал мүмкіндігінше – олардан асып түсу.

- **Өндірісті басқару** және қабылданған міндеттемелерді жүзеге асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету бойынша **басты шешімдерді қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау, энергияны үнемдеу, сапа, корпоративтік жауапкершілік мәселелерінің артықшылығын есепке ала отырып қабылдау.**

- **Табиғат ресурстарын саналы пайдалану және сақтау**, энергия тиімділігін арттыру, өндірістің жұмыскерлерге, жергілікті тұрғындарға және қоршаған ортаға әсерін ықшамдау, жобалармен белгіленген нормаларды арттырмау.

- Өндірістік-шаруашылық қызмет, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, энергия менеджменті саласындағы **бар және әлеуетті қауіп-қатерлерді басқару** және оларды ERG компаниясының мақсаттары мен концепцияларына сәйкес деңгейге дейін төмендету.

- **Өз қызметкерлеріне** қойылатын қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, энергияны үнемдеу саласындағы **талаптарды мердігерлерге де қою.** Өндірістік тапсырмаларды орындау кезінде кәсіпорынның әрбір жұмыскері және мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлері қауіпсіздіктің және еңбекті қорғаудың талаптарын басым түрде сақтаулары тиіс.

- **Жұмыскерлер кәсіпорынның басты құндылығы болып табылады**, оларға қолданыстағы ережелерге және нормаларға сәйкес келетін кәсіби өсу және өзін-өзі таныту мүмкіндігіне, еңбек жағдайларына, жұмыскерлердің және олардың өкілдерінің денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесін жақсарту әрекетіне қатысу мүмкіндігіне кеңес беруге кепілдік берілген.

Біз барлық жарақаттар мен кәсіптік сырқаттарды болдырмауға болатынына сенеміз, сондықтан **жарақаттарды және кәсіби сырқаттарды болдырмауға тырысамыз.**

Негізгі артықшылықтар

- Тұтынушылардың қанағаттанушылығы және көмірді өткізу нарығын кеңейту.
- Көмірді өңдеу бойынша жаңа технологияларды енгізу.
- Тұрақты жақсарту бойынша сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергия менеджменті саласында белгіленген мақсаттарды орындау үшін қажетті ресурстарды және ақпараттарды қамтамасыз ету.

- Кәсіпорынның және мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерінің қауіпсіз тәртібін қалыптастыру үшін, барлық жұмыскерлерді өндіріс мәдениеті, қауіпсіздікті арттыру мен энергетика тиімділігі жұмысына белсенді тарту үшін ахуал жасау.

- Энергетикалық көрсеткіштерді жақсартуды ескере отырып жобалық іс-шараларды жүзеге асыру; энергия үнемдейтін материалдарды, қызметтерді және жабдықтарды сатып алу және пайдалану.

АҚ басшылығы осы саясатты жүзеге асыру бойынша жауапкершілікті өз мойнына алады және АҚ-ның барлық қызметкерлері мен мердігерлерді аталған ниеттер мен бағыттарды іс-тәжірибеде жүзеге асыруға арналған басшылықтың қызметін қолдауға шақырады.

Осы саясатқа сай болу - «Шұбаркөл көмір» АҚ-ның әрбір жұмыскері мен мердігердің міндеті және Кәсіпорынмен жұмыс істеудің басты шарты болып табылады.

Бас директор

С.П. Ким

01.03.2023 ж.